ҚАУЛЫ

2025 жылғы 26 қараша №2399-25-00-2а/1057 Атырау қаласы

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші - судья М.А.Парменов,

судьялар М.М.Ергазиев, Б.Б.Жумабаев болып,

талап қоюшының өкілі Г.А.Алматованың,

жауапкер - жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевтің өкілі Т.М.Есдаулетовтың қатысуымен,

облыстық соттың сот залында аудио,-бейнежазба байланыс құралын қолданумен «Whatsapp» мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы өткен ашық сот отырысында

талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық істі

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 25 тамыздағы шешіміне жауапкер - жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевпен берілген апелляциялық шағымы бойынша қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Бірінші сатыдағы сотпен анықталған және іс құжаттарымен бекітілгендей, талап қоюшымен 2025 жылғы 20 мамырда «Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «Нұрбөбек бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны үшін «Ғимараттын ішкі бөлігіне және қасбетіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасау» бойынша №14777765-1 мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған.

Алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевпен конкурстық өтінімде материалдық ресурстар бөлігінде Салтанат Ахметовна Жолановамен 2025 жылғы 05 мамырдағы №10 арнайы техниканы жалдау шарты негізінде жалға алынған С.А.Жоланованың атына берілген EV99929144 Камаз 65115026 мемлекеттік белгісі 271 AFI 06 техникасын ұсынғаны анықталған. Алайда, өтінімнің сәйкестігін тексеру барысында әлеуетті өнім берушінің жалған ақпарат ұсыну фактісін анықтаған.

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келесіде - талап қоюшы) сотта жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевқа (келесіде - жауапкер) талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің конкурсқа жіберген құжаттарында өзінің материалдық ресурстар талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғандығын көрсеткен.

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 02.12.2025

Сот отырысында талап қоюшы өкілі С.Орынгалиева талап қоюды қолдап, жауапкермен ұсынылған ақпаратта материалдық ресурстар бойынша жалған құжаттарын табыс еткенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұраған.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 25 тамыздағы шешімімен талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылған.

Жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған.

Жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевтен мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Жауапкер апелляциялық шағымында «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талабы заңсыз және негізсіз қанағаттандырылған деп санайтынын көрсетіп, соттың шешімінің күшін жоюды, талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығаруды сұраған.

Апелляциялық шағымның уәждерін тексеріп, ұсынылған материалдар бойынша істің нақты мән-жайларының анықталуының, материалдық құқық нормаларының қолданылуы мен түсіндірілуінің дұрыстығын, сондай-ақ істі қарау мен шешу кезінде азаматтық процестік заң нормаларының сақталуын тексеріп, сот алқасы төмендегідей тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 427-бабының 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4) тармақтарына сәйкес, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындалмауы және анықталмауы; бірінші сатыдағы сот анықтаған, іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі; бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

Іс бойынша мұндай кемшіліктер орын алмаған.

Сот алқасы, істің мән-жайларын саралап, сот іс үшін маңызы бар мән-жайлардың шеңберін дұрыс анықтап, бірінші сатылы сот оларға тиісті құқықтық баға берген деген түйін жасайды.

Жауапкер сот анықтаған мән-жайларды теріске шығаратындай, яғни сотқа қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы тұрғысынан тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Істің мұндай тұрғысында бірінші сатыдағы сот, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабының 1) тармақшасын дұрыс

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 02.12.2025

қолданған, себебі анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

Іс материалдарынан және бірінші сатыдағы сотта расталғандай, жауапкер конкурстық құжаттамасында материалдық ресурстарына EV99929144 Камаз 65115026 мемлекеттік белгісі 271 AFI техникасын С.А.Жолановамен 2025 жылғы 5 мамырдағы жалға беру туралы шарты негізінде ұсынған.

Іс бойынша жинақталған дәлелдемелерге қарағанда, көрсетілген автокөлік 2025 жылғы 03 ақпанда меншік иесі ауысуына байланысты С.А.Жоланованың меншігінен тіркеуден шығарылған.

Сот, бұл жағдай жауапкердің конкурсқа қатысу барысында көрсетілген автокөліктің болмағандығын (жоқ екендігін) көрсетеді деп дұрыс таныған.

Алқа соттың бұл тұжырымымен келіседі, себебі талап қоюшымен тиісті конкурс жарияланған, оған жауапкер қатысып тапсырыс беруші талап еткен материалдық ресурстары, оның ішінде тиісті техниканың болуы туралы анық емес ақпарат берген. Жеке кәсіпкер «NEB» Н.Е.Бисенгалиевтің сотта көрсеткен уәждерін алқа негіссіз деп санайды, себебі ол өз еркімен конкурсқа қатысып құжаттарды өзі ұсынғаны талап қоюды қанағаттандыруға жектілікті болады. Жауапкердің дұрыс емес ақпарат беру ниетін дәлелдеу қажет екендігі туралы дәлелдері дәрменсіз. Заңда бұл фактіні дәлелдеу қажеттілігі қарастырылмаған.

Осыған орай, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деген соттың шешімімен апелляциялық алқа толық келіседі.

Бірінші сатыдағы сотта да, апелляциялық сатыдағы сотта да өзге жағдайды білдіретін қатысты, жол берілетін және анық дәлелдемелер

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 03.12.2025

Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 03.12.2025

Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 02.12.2025

жауапкермен ұсынылмаған. Осындай мән-жайларда, талапты қанағаттандыру жөніндегі бірінші сатыдағы сот тұжырымдары істің нақты мән-жайларына, іс бойынша ұсынылған дәлелдемелерге, азаматтық заңнаманың нормаларын дұрыс қолданып негізделген. Материалдық және процестік құқық нормаларын бұзушылықтар бірінші сатыдағы сотпен жіберілмеген.

Сот іс бойынша дәлелдемелерге құқықтық тұрғыда дұрыс баға берген, сот актісі заң талаптарына сай қабылданған, материалдық және процестік нормалар дұрыс қолданылған.

Дау айтылған сот шешімі заңды және негізді болып табылады.

АПК-нің 427-бабына сай, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіз болатын мән-жайлар істің қаралуы барысында орын алмаған. Сондықтан, сот шешімі өзгеріссіз, жауапкердің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-нің 424 бабының 1 бөлігінің 1) тармақшасын, 425 бабының 1) тармақшасын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 25 тамыздағы шешімі өзгеріссіз, жауапкер - жеке кәсіпкер «NEB» Нурлан Ербулатович Бисенгалиевтің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар (сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар) және олардың өкілдері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 435, 436-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енгеннен бастап алты ай мерзімде Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотына кассациялық шағым, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші М.А.Парменов

Судьялар М.М.Ергазиев

Б.Б.Жумабаев

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 02.12.2025

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 03.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 02.12.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911